

АДАМНЫҢ БАСШЫСЫ - АҚЫЛ

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі талап, қорғаушысы сабыр, сынаушысы халық, таусылмайтыны арман, ең қымбаттысы ар сақтау, бәрінен ардақтысы өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» демекші, бүгінгі әңгіміміз арманға байланысты болмақ.

Әр адамның өмірде өз жолы бар. Дұрыс не бұрысын таңдау өзінің еншісінде. Бірақ көпке барам дейтін адам дұрыс жолда еңбек етіп, алға қарай жүреді. Жалпы, адамды самғататын ол еңбек. Бізге кейде бір нәрсені жасау керек болса қиналамыз, барғымыз келмейді, ұйықтап, демалғымыз келеді. Бірақ бұл еріншектікті қою керек. Себебі көшеде кетіп бара жатсаң түрлі адамдарды көресің. Бірінің қолы, бірінің аяғы жоқ. Енді бірі естімейді не болмаса сөйлей алмайды. Сонда да бәрі еңбек етуде. Аяқкімің бұзылса етікшіге барасың. Ал етікшілердің көбі сөйлей алмайтындар. Бірақ бәрі өмірден өз жолдарын іздейді, алдынан бақытты күтеді. Ал біздің, Аллаға шүкір, он екі мүшеміз аман, деніміз сау. Бізде жасаймын десең мүмкіндік мол. Тек алға қарай ұмтылып, еңбек ете беру керек. Сонда ғана жемісін көресің. Бір нәрсе жасап «Мен еңбек еттім, тұқ шықпады» деу бекершілік. Одан әрі жалғай беру керек. Сонда ғана еңбектің жемісі байқалады. Ол бір емес, бірнешедең шығуы мүмкін. Тек берілмеу керек.

Кейде теледидардан не болмаса бір кісілерден естіп жатамыз: адамға бір пайыз дарын берілсе, қалған тоқсан тоғызы еңбекпен келеді. Яғни сен қызығатын жұлдыздар, сен қызығатын жоғарыда отырған кісілер, әкім, ұстаздар бәрі-бәрі осы бір еңбектің арқасында сондай дәрежеге жеткен кісілер. «Мен жетпедім, өспедім» деп үйде отырғанда, өзге адам жету керек деп жоғарыға ұмтылады. Ұмтылған, талпынған адам түптің-түбі өз арманына жетеді. Бәріне жетпесе де белгілі бір бөлігіне жетеді. Үлкен бір кітапты бастар алдында «мен бұны оқып бітіре алам ба, көп екен, қызығы қай жерінде екен» деп соңын оқыған адам кітаптың мазмұнын түсінбейді, негізгі ұғымын, пайдасын сезінбейді, ал қандай томдық кітап болмасын, қызығып бірден кірісіп, басынан соңына дейін қызығушылықпен оқыған адам, жаңағы айтқан адаммен бірдей бітіруі мүмкін.

Бұның бәрін неліктен жазып отырмыз, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары мына таңда бұрынғыдан әлдеқайда көп. Сол себепті оларға біліммен қатар, өнегелі тәрбиені, бойларындағы патриоттық сезімді одан әрі дамыту біздің бір міндетіміз деп білеміз.

Хусайнова Сымбат Сағатовна, Джунушалиев В.Д.

БӘСЕКЕЛЕСТІК ЗАМАНЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сенім адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Қажеттіліктерін орындау жолында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды. Адамның адалдығына сеніп, оны құрметтей білу – әдептілік. Сол сияқты бүкіл әлемге жақсылық ойлау адамның тұлғалық бейнесі.

Қазіргі заман бәсекелестік заманы болғандықтан, оқушылар, жалпы жастар қауымының арасында өнерге, білімге деген құлшыныс күн өткен сайын арта түсуде. Осы мақсатта, алдағы армандарын, ойларын нақтылау мақсатында қара шаңырақ, яғни әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірнеше іс-шара, дөңгелек үстелдер болып тұратыны анық.

Тек өзіңе сеніп, алға қарай ұмтыла білсең, арманың жолында аянбай тер төгіп, күресе білсең ғана жеңіс сенде болатыны белгілі.

Қорыта келе, біз бір-бірімен жарыса шапқан мынадай бәсекелестік заманында соған сай азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеуді, оларға дұрыс білім беруді қолымызға алып отырмыз. Бұл біздің міндетіміз. Сол үшін сол жолда аянбай еңбек етуден тайынбаймыз. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші әрбір оқушыны өз жолында жүйрік етіп шығаруды басты мақсатқа қойып отырмыз. Сонда ғана мемлекетіміз қуатты, білімді, алдыңғы қатарлы ел болады деп білеміз және солай боларына сенеміз!

Салаватова Эльмира, Кусаинов Арман

АҒА БУЫННЫҢ КЕЛЕР ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН РУХАНИ ӨСИЕТІ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» деген еді Ғабит Мүсірепов.

Адамзат баласы ақиқатқа талпынады, шынайы пайдалы білімге талпынады. Оның шегі қайда апаратыны белгісіз. «Білім – күш» деген сөзді Ф.Бэкон айтқан, бірақ ол адамзатты бақытқа бөлейтін жақсы күш пе, әлде сорлататын, құртатын жаман күш пе, бұл туралы да талас көп. Осы тұста бізге мол білім беретін оқу орнымыз жайлы айта кетсек.

Ұлы армандарымның бастауы болған ҚазҰУ-да оқығаным мен бақыттымын. Себебі мен мұнда өз армандарымның орындалуы үшін күресудемін. Енді мұндағы қысқа уақыттың ішіндегі өзгерістерге көз жүгіртсек.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. Бізге әр семестр сайын әр кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Медеубаева Айжан,
Зарипова Юлия

ДОС – КӨҢІЛДІҢ КҮМБЕЗІ

Өмір. Осы бір төрт әріпте қаншама мағына жатыр десенші. Бүгін осы бір қилы өмірдегі, түрлі достар жайында айтпақпыз. Біз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттеріміз. Бізбен бірігіп осы тақырып аясында біраз өткенге көз жүгірткен біздің ұстазымыз да бар. Енді осы тақырыпқа байланысты өз ойымызды ортаға салсақ.

Оқуға түскеннен кейін, біз біраз адамдармен таныстық, біраз жаңа достар таптық. Енді сөзді көбейтпей сол достар жайында әңгіме өрбітсек. Достар – бір-біріне ұқсас жандар. Бір-бірін толықтыратын, бір-бірінің кемшілігін жауып тұратын адамдар. Соның арқасында екеуінің де кемшілігі көрінбей қалады. Ойы мен санасы бір, көзқарасы мен пікірі ортақ жандар да бір-бірімен дос болуға бейім келеді. «Дос – көңілдің күмбезі» деп айтылатыны содан. Орыс халқында «досынды әкеліп көрсет, сонда сенің кім екеніңді айтамын» деген нақыл бар. Яғни, көңілі мен пейілі ортақ жандар ғана бір-бірімен дос бола алады. Олардың қызығушылығы да, ойы да бір. Соның арқасында жолдас, туыстас болып кетті. Мұны халқымыз «екі жақсы қосылса, өле-өлгенше дос болады» деп бірауыз сөзбен жеткізген.

Дос әсіресе қиындықта сыналады. «Жаман дос жауыңмен бірге шабады» дейді халқымыз. Жаман



дос – көлеңке дейді, яғни басында күн барда қашып құтыла алмайсың, бұлт төнсе, іздеп таба алмай қаласың. «Біреу жаныңа жолдас, біреуі малыңда жолдас» дейді. Біреулер мал-дүниен мен қолыңда бар нәрсе қарап, дос болады. Мұндай достық ұзаққа бармасы анық. Ал шынайы жаныңа дос болатын адамның достығы да, бауырмалдығы да өміршен. Сыналар кезде, сыналады. Шындалар кезде, шындалады.

Сөзімді қорыта келе, «дос таңдай білуде қателеспеніздер» дегім келеді.

Стваева Айдана, Дьячков Вячеслав

МАҚСАТ КЕРЕК АДАМҒА?!

Бұл дүниедегі әрбір адамның өз армандары болады, соған жетсем екен деп қиялдайды. Арманға жету үшін ең алдымен мақсат қоя білу керек. Ал мақсатты орындау үшін талпыныс, қажымас қайрат, табандылық пен шыдамдылық, ұмтылыс қажет.

Менің де өз арман-мақсаттарым бар. Мен мақсатымның орындалатынына кәміл сеніп, оған табандылықпен ұмтылсам мақсатым орындалады деп ойлаймын. Алайда мақсатқа жету оны жай ғана орындау ғана емес, өз-өзіңді жетілдіру. Сол арқылы сенің ой-өрісің, күш-жігерің дамиды.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр

семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жобалармен айналысады. Робот жасау, Атом жобасы, Жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша кәейде жүрген сұрақтарды осындағы кез келген кісіге айтсаңыз қол ұшын берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Жиенбаев Алимир,
Белисарова Фарид